

84.5 К23


К24

11



КАЛДЫРҒАН ІЗІ МӘНГІЛІК

34704



ҚАЛДЫРҒАН
ІЗІ
МӘҢГІЛІК
(Үстаз туралы естелік)

Петропавл қаласы
2005 жыл

5Қ23
ББК 84.(БҚаз) :

Қ 24

Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи – өлкетану
мұражайы жанындағы “Асыл мұра” орталығы

Ақылдастар алқасы: Ф.Қадірәлі, Қ.Мұқанов,
С.Жұмабаев

Жинақты құрастырған және
баспаға дайындаған:

Ғалым Қадірәліұлы Қадірәлі

ҚАЛДЫРҒАН ІЗІ МӘНГІЛІК
(Ұстаз туралы естелік)

Петропавл, 2005. 162 бет
Қ 25 ISBN 9965-519-34-X

Кітапқа республикаға танымал ұстаз, Ұлы Отан
соғысының ардагері Шияп Садықов туралы
оның әріптестері мен шәкірттері жазған
естеліктері еніп отыр.

38704

Қ 4702250205

00 (05) – 05

ISBN 9965-519-34-X

ББК 84 (БҚаз)

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

018



*Қазақтың қаны бір, жаны бір
жолбасшысы – мұғалім.*

Мағжан Жұмабаев

Ғалым Қадірәлі

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Адам балғын, балапан шағында мектепке барып, есейіп қанаты қатайып, кең дүниеге ұшып шығады. Білімді, тәрбиені ұстаздардан алады. Біз мектепке алғаш барған кезімізде бүгінгідей бала бақшаны да, теледидарды да көрмедік. Бар көргеніміз мектеп пен ұстаз болатын. Біз ол кезде мектепке қатысы бар барлық адамдарды “мұғалім” дейтінбіз.

Мұғалім деген сөз құлаққа жағымды естілетін, оның түп тамырын, ғылыми мағанасын айтпаған күнде, ұстазға деген ыстық ықыласты, жоғары құрметті, сыпайы инабаттылықты көрсетіп тұрғандай болатын. Бұл жерде директор да, оқытушы да, тәрбиеші де мұғалім рөлін атқарады. Бүгін оларды «ұлы», «қызы» деген жалғаулармен айтып жүр, бұл өсте әбестік болмайды, ол да заманның ағымы шығар. Біздің айтып отырған «мұғалім» деген сөздің жаппай қолданылуы сол тарихи кезеңдегі – біздің тұсымыздағы адамдардың құрметпен пайдаланған сөзі.

Мен елде тудым, елде өстім, елде оқыдым, мұғалімнен білім, тәрбие алдым. Ауылым, қасиетті мектебім, олардың тарихы, дәріс берген ұстаздарым жайында шамам келгенше жаздым да. Мұғаліммен кездесе қалғанда генералға жақындаған солдат сияқты бойыңды жинақы тік ұстап, бас киімді шешіп, иіліп сәлем беретінбіз. Мұғалімдерге деген құрмет тек оқушылар тарапынан ғана емес, барлық үлкенді-кішілі ауыл адамдарында да болған еді. Олар мұғалімді көргенде тұра қалып, иә аттан түсе салып шын ниетпен сәлем береді. Міне, жастарға деген тәрбиенің бір ұшы осында жатқан жоқ па?!

Біз соғыс жылдары мектеп табалдырығын аттадық. Соғыстың басталғанын білсек те аса сезінбедік, жас болдық. Ал, соғыстың аяқ кезінде есіміз еніп, есейіп қалдық және тез есейдік. Күзде, қыркүйек айында егіс басы – Станнан алғаш мектепке тарттық. Биік, еңселі бөлмелер, толған адамдар, таза әдемі киінген үлкендер бізге ерекше әсер берді. Тіпті сауытқа құйылған сияның, жазу дәптерінің иісі де тынысыңа сезіледі. Біз – балалар болсақ аздап қымсынамыз: киіміміз жұпыны ғана, шожымнан тігілген сарғайған көйлек, дамбал, тозыға жеткен бас және аяқ киім, аяқ пен қол жарылған, қанша жусаң да ағармайды. Иә, біз мектепке осылай кіріп, осылай бастап едік өмір жолын.

Бұл мектеп Ленин атындағы мектеп еді. Мектептің тарихы әртіннен басталады. Оның 70

жылдығын жуырда – 2002 жылы ғана тойлады. Қазіргі үш қабатты-сәулетті көркем үйден қанша түлек түлеп ұшты, онда есеп жоқ. Ал, сонау 1932 жылы салынған бір қабатты ағаш үйден қиынқыстау кезде қанша адам оқыды, қайсысының қолы аузына жетті, олар кімдер еді деген сұрақ ойға орала кетеді. Алғашқы директорлар Жандосов Садуақас, Сейтпеков Сәйпи, мұғалімдер Малаев Ерғали, Жүнісов Малғаждар, Мұсабаев Күзембай, Исатаев Габбас, Халықов Уәли, Байкенов Зарап, Тұрлыбаев Қабдірашит, Аханов Ихия т.б. бұл күнде ұмытылып барады. Мектептің ең алғашқы ұшырылған түлектері 1942 жылы болса, соларды бүгінгі жастар білеме екен? Оны айтып отырғаным – ол кездегі мектепте оқу, оны бітіру бүгінгі күні академияны тәмәмдаумен тең сияқты.

Ол жылдары ерлер соғыста. Мектепте сабақ беретіндер орта мектепті енді ғана бітірген қыздар және педагогикалық училищені бітірген апайлар. Дегенмен, солардан білім алдық, көп нәрсені үйрендік. Әсіресе, бастауыш сыныптарда (ол кезде кластарда дейтін) дәріс берген Заку, Күлшара, Назиқа (фамилиялары іретімен Шалова, Қасымова, Көлдеева т.б.) апаларымыздың берген білімі, тәрбиесі біреулерден кем болды деп айта алмаймыз, солар ғой біздің келешегімізге жол ашқан.

Сол біз оқыған Ленин орта мектебінде (бүгінгі Шал ақын ауданы Ахметбеков атындағы мектеп) талай тарлан мұғалім-ұстаздар болды. Солардың

ішінде мен үшін шоқтығы биік (басқаларын да аласартпаймын) дегенмен, әдемі әсер қалдырған Шияп Садықов, Жылгелді Мұқанов, Мария Петровна Егорова еді. Олар жөнінде атақты жерлесіміз, көрнекті жазушы Герольд Бельгер өз шығармаларында тамашалап жазды. Бүгінгі өңгіме желісі ұстаздардың ұстазы сүйікті «Ақ ордамыз» – мектебіміздің ірі тұлғасы болған Шияп Садықұлы Садықовтың төңірегінде болмақ. Арада қаншама жылдар өтсе де көмескіленбейтін, тот баспайтын адамдар екен ғой олар.

Соғыс бітті. Бейбітшілік орнады. Халықтың еңсесі көтерілгенімен соғыстың зардабы әлі аяқталған жоқ еді. Басы, көзі, қолы, аяғынан жараланып ардагерлер Батыстан оралып жатты. Қалай болса да жан олжа деп біреулер қуанып жатты, келмеді-ау деп енді біреулер еңіреп жатты.

Соғыс аяқталысымен Шияп Садықов біздің елге қайтадан келіп, мектеп директорлығы қызметіне орналасты. Сырт бейнесіне қарасақ орта бойлы, қара шашы артына қайрылған, әдемі ақ сары кісі болатын. Басына әр қашан дөңгелек қара қалпақ (шляпі) киетін. Ол кезде шляпі киетін адам сирек кездесетін. Үстінде өтектелген кастем-шалбар, галстүк тағылған ақ көйлек, аяғында кремделген бөтеңке болатын. Ал қыста қаракөл жағалы пәлте, қаракөлді малақай, аяқта ақ шөшіңкелі етік киетін. Сөйтіп, елден ерекше, сәнді киініп жүруші еді. Бір ғажабы үстіне шаң мен қылшық жұқпайтын

мейлінше таза адам. Көшеде, мектепте жүргенде маңғазданып, аяғын ақырын басады, тік жүргенімен ептеп шалқақтау басады. Мұның себебі де бар болар, соғыста алған жамбастағы жараның әсері ме, әлде бес жыл әскерде үйренген, сондағы қалыптасқан әскери жүріс тәртібі ме, немесе бойында қалыптасқан әдеті ме ол жағына ешкім де мән берген жоқ. Енді Шиекеннің ішкі дүниесіне, өз түсінігімізше, үңілейік.

Шияп ағайдың мінезі тұрпайы емес, сыпайы, сырға сараң. Бірақ, сырласа қалсаң, одан мәдениеттің, терең білімділіктің нышанын аңғарасың. Дауысы да біркелкі мәйда, Сафуан Шаймерденовтың сөзімен айтқанда қаз дауысты, құлаққа жағымды үнмен естіледі. Ол әсте сөзқұмар адам емес, ал сөйлеп кетсе нақты айтып, дөп басады, тілінен бал тамады.

Сөйтіп, өзінің сөзімен, ісімен, жүріс-тұрысымен бізді де, әріптестерін де тәртіптілікке, адалдыққа, тазалыққа, мәдениеттілікке үйретті. Бұл жөнінде ол бүкіл ауылдың да ұйтқысы болды деп айта аламыз. Шиекеннің адами қасиеттері уақыт өткен сайын еске түсіп, көзге елестейді.

Шияп ағайдың дауыс көтеріп, ашу шақырғанын ешқашан байқамадық. Бірақ, «осылай жасауға бола ма екен?» — деген сөзі етіңнен өтіп, сүйегіңе жетеді. Шынын айтсақ, көпшілік ол кісіден жасқанып, қаймығып тұратын. Бұл — оны сыйлағандық, құрмет тұтқандық деп түсінген жөн.

Садықов Шияп Садықұлы 1913 жылы 16 маусым айында Ақмола облысы Ақмола ауданының Қарашілік аулында дүниеге келген. Ол жер бұрын Ақмола уезі, Ақмола болысы, № 5 ауыл деп аталған екен. Отызыншы жылдары жаппай біріктіру-ұжымдастыру (колхоздас-тыру) кезінде бұл жер жаңа құрылым – Талапкер деп аталады. Әке-шешесі (Садық пен Ақыш) кедей шаруа болған, олар ертерек (1926 жылдары) қайтыс болып, үш бала: Шаймерден, Шияп және 3 жастағы Кәмила қарындасы жетімдіктің тауқыметін ерте тартады. Шәймерден 1911 жылғы, қарындасы 1923 жылы туған. Сол жылдары панасыз қалған жетім балалар Ақмоладағы «Казкоммуна» деген балалар үйіне орналастырылады. Онда жатақхана, киім-кешек беріліп, тегін тамақтандырылады. Сол жылы Шаймерден Қарашілік бастауыш мектебін бітірген болатын, ол Ақмолаға келген соң 5 сыныпқа оқуға қабылданады. Содан әрі 6-7 сыныптарда оқып, әжептәуір білім алады. 7 сыныпта оқып жүргенде 13 оқушыны мұғалімдер дайындайтын курсқа қосып жібереді. Сонда 17 ересек адам болған. Ақыры сол курсты 30 адам бірге бітіріп шығады.

Ал, Шияп ағай болса Казкоммунадан кейін педагогикалық техникумның мектеп бөліміне түсіп, оны ойдағыдай бітіріп шығады (1930-1932 жж.). Одан соң аз уақыт бастауыш мектепте мұғалімдік қызмет атқарады да, Шымкент қаласындағы мақта техникумына оқытушы болып орналасады (1932-

1933 жж.). 1933 жылдың күзінде Омбы қаласына барып, ондағы М.Горький атындағы педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түседі. Оны 1937 жылдың көктем айында аяқтап, жоғарғы білім дипломын алып шығады. Сол жылы облысымыздың Жамбыл ауданындағы Майбалық орта мектебіне мұғалім болып орналасып, оқу ісінің меңгерушісі қызметін қоса атқарған. Кейін аталып отырған мектептің директоры болып тағайындалады. Сол кездердегі Шияп ағайдан дәріс алған, оқыған шәкірттерінің бұл күндері де өмір сүріп жатқандары баршылық. Олар Ұлы Отан соғысының ардагерлері Сұлтан Қанафин – ұстаз, Көкен Қопышев – ұстаз, Сафуан Шаймерденов – халық жазушысы Қайырбек Сыздықов, т.б. Жас шамалары бұлардың сексеннен асқан – ақсақалдар. Осылардың үшеуінің естеліктерін осы жинаққа енгізіп отырмыз. Ал, Көкен Қопышев жуырда ғана дүние салды.

Шияп Садықұлы мен Мисалым Мәтішқызы 1939 жылдары үйленіп жанұя құрады. Бұлардың бір-бірімен танысып білісуінің кезеңі Омбыда 1933-1937 жылдардың аралығында, яғни бірі техникумда, екіншісі пединститутта оқып жүрген студенттік шақтары болуы керек. Бұл жерде от басының үйтқысы, Шиекеңнің жан-жары, тамаша ұстаз болған Мисалым апайды айтпай кету ағаттық болар. Сондықтан ол кісіге толығырақ тоқталайық. Мәтішева Мисалым Мәтішқызы 1918 жылдың 23

ақпанында Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында туған. Шешесі Адамиза ерте қайтыс болады. Әкесі – Мәтіш Мұхамедиаров Ғазиза деген қызға үйленеді (фамилиясы Диханбаева). Мәтіш 1929 жылы бай баласы деп ұсталып, содан хабарсыз кетеді. Артында үш ұл, бір қыз және жұбайы Ғазиза (балалардың өгей шешесі) еш панасыз қалады. Ұлдары: Сәулетай, Әрінтай, Мырзатай, қызы Мисалым. Тұрмыстың тауқыметін көрген заманның зардабын шеккен бұл жанұя Қарқаралыдан Омбыға көшіп кетеді. Ұлдар оқуларын оқып, жұмысқа орналасып, күн көрістің қамын жейді. Ағасы Сәулетай (Сәлім) оқу ағарту саласында 40 жылдан артық еңбек сіңірген, мектеп директоры болған. Ал, Әрінтай ағасы автомобиль жүргізуші болып еңбек еткен, аға-інісіне, қарындасы Мисалымға көмектесіп, білім алуларына себепші болған. Мырзатай ең кішісі (Мисалымның інісі) автобаза басшысы қызметін атқарған. Мисалым осы қаладағы Вахитов атындағы қазақ-татар мектебінде оқып білім алады. Одан кейін Омбы педагогикалық училищесіне (ол кезде педтехникум деп аталған) түсіп, оны 1937 жылы бітіріп шығады. Диплом алысымен өзі оқыған Вахитов атындағы мектепке оралып, мұғалім болып орналасады. Ол жерде бірекі жыл қызмет атқарғаннан кейін облысымыздағы аталған Майбалық мектебіне келіп, қызметке кіреді, Шияп ағаймен кездесіп, екеуі үйленеді. Бұл кездесу 1938 жылдың аяғы 1939 жылдың басы болуға тиіс.

Көп кешікпей Шияп Садықұлы 1941 жылдың қаңтар айында міндетті әскер қатарына алынады. Сол жылдың жаз ортасында Ұлы Отан соғысы басталып кетеді. Сол әскер міндетін атқарып жатқан жерінен Шияп ағайды Батысқа – майданға алғы шепке, яғни соғысқа аттандырады. Көп кешікпей сол аяғы мен оң қолынан жараланып, госпитальде жатып емделеді, содан кейін елге оралады. Бірақ ол Майбалыққа бармай Қызылжарда қалып, облыстық оқу бөлімінің инспекторы қызметін атқарады. Осы жылы Октябрь ауданы Ленин орта мектебіне директор болып тағайындалды. Жанұясын сонда көшіреді. Бұл кезде жұбайы Мисалым Қызылжардағы №5 қазақ мектебінде мұғалім болып қызмет атқаратын. Шиекең 1942 жылдың аяғында соғысқа екінші рет аттанады. 1943 ж. Коммунистік партия қатарына алынады. Бұл жолы ол соғыстың аяғына дейін болып, жеңіс күнін шет жерде, Прага қаласында қарсы алады. Соғыс кезіндегі өмірін ол өзі жазып кетті (осы басылымда бар).

Соғыстан оралғаннан кейін Шияп ағайдың қайтадан біздің Ленин орта мектебіне басшы болып келген кезі. Отыздан сәл ғана асқан, қанмайдаңда шыныққан, педагогикалық тәжірибесі де бар, жігерлі жас жігіт жұмысқа кірісіп те кетті. Дәл осы кезде білімді тәжірибесі мол Ахметжан Қалиахметов сияқты және Отан соғысынан оралған тарлан ұстаздар біздің мектепке жиналып шоғырлана бастады. Олар Сәден Байбатыров, Қалау

Тайжанов, Есім Смағұлов, Жанғали Құсайынов, Шәкім Нұртазин, Абық Мұқанов, т.б. жаралы болса да жан олжа дегендей жүдеп тұрған ауылға, әсіресе мектепке жан бітірді. Соғыс зардабын ел де көрді, тұрмыс тауқыметін қанша тартса да балалардың, оқымай қалған жастардың білімге деген күштарлығы, талпынысы, ынтасы артып, мектепке келе бастады. Соғыстан оралмағандар да жеткілікті еді. Солардың балаларын оқыту, тамақтандыру міндеті мектепке жүктелді, мектеп жанындағы интернат жұмыс істеді. Біз-ауыл балалары, интернатта жатпағанмен, онда бір мезгіл тамақтанатынбыз. Үйткені әке-шешеміз алты ай – жаз егіс, шөп басында болады. Сондағы жеген қара нанның дәмі әлі ауыздан, иісі әлі мұрыннан кетпейді. Өзі жұмсақ, әрі ашытқан дәмді болатын, бірақ бір жонып алып, күнге қаратсаң жалт-жүлт етіп – жарқырайды суы, ал сығып көрсең саусақтарыңның арасынан су тамшылайды. Әйтеуір, бізге жарап жатыр, талшық етіп жүрек жалғасақ болғаны емес пе.

Әкесі соғысқа кеткен, тұрмысы төмен балаларға қол үшін беріп, қамқоршы болған да Шияп ағай. Жоқшылықтың тауқыметін тартып жүрген балаларға аяушылық жасап, қолынан келген көмегін еш аяған жоқ. Әр баланың сынығын сылап тұрғандай көрінетін еді.

Директор болып, ұстаздар ұжымын абыройлы басқару үшін алдымен ол өз пәнінің, өз сабағының

шебері, маманы, майталманы болуы керек. Тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Ұстазы пейілді болса, шәкірті зейінді келеді дейді. Солай болғанда ғана өз әріптестерін, өз оқушыларын үйрете де, сендіре де алады. Сонда ғана сыйлайтын, құрметтейтін болады. Мұғалім өз сабағының қожасы, ал директор бүкіл мектептің қожасы десек те Шиелең алдымен оқытушы – ұстаз. Оның сабағынан мұғалімдер үлгі алады. Ойы мәйекті, сөзі дәйекті болса ұстаз сөзі өтімді, ұлағатты болады. Шияп ағай жоғарғы сыныптарға математикадан сабақ берді. Оның 45 минуты (класқа кіріп, кластан шығуы) ауызбен айтып жеткізе алмайтын бір тамаша құбылыс болатын (45 минуты деп отырғаным бір сабағы). Атап айтқанда кластың есігін айқара ашып, шалқая басып, маңғазданып асықпай кіреді. Балалар да партаны тарсылдатпай орындарынан тұрады. Мұғалім сол жақ қолындағы класс журналын столға қойып, оқушылармен жылы шырайлы амандасады.

- Үй тапсырмасын орындадыңдар ма? – деп сұрайды.

- Орындадық, – дейміз.

- Нені түсінбедіңдер?...

Сұрақтар қойылып, жауаптар айтылып жатады. Сырт қарағанда кәдімгі, дәстүрлі, үйреншікті сабақ сияқты. Бірақ әр сабақтың, әр сөздің, тіпті әр қимылдың әр мұғалімде өзіндік орыны мен мағанасы бар. Әрі қарай сабақты жалғастырайын.

Ал, біз үй жұмысын орындамай келмейтінбіз. Алда-жалда бірен-саран оқушылар орындамай келсе, оның себебі сұралатын.

- Оқасы жоқ, класта мұқият тыңдап отыр, сонда түсініп аласың, - дейді мұғалім.

Сөйтіп, дайындықсыз келген оқушыларға Шияп ағай зекіп ұрыспайтын, «2» де қоймайтын, қайта ондайларға сабақ үстінде көбірек көңіл бөліп көмектесетін. Математика дәл-нақты ғылым. Оны түсіндіру, айту дәлдікті керек етеді. Геометрияның теоремаларын дәлелдегенде мұғалім осы принципті ұстайтын. Әсіресе, жаңа сабақты түсіндіргендегі әдісі басқа ешкімге ұқсамайды. Алдымен ақ борды оң қолының екінші және үшінші саусақтарының арасына қыстыра ұстайды, үйткені бас бармақты соғыста беріп келген. Теореманы айтады да, чертежін ұқыпты сызады, берілгенін, дәлелдеуін, қорытындысын әдемілеп жазады. Тақтаны да ұтымды пайдаланады. Жазып болғаннан кейін кластың артына барып, тақтада жазғандарын бір шолып шығады. Содан кейін айызын қандырып түсіндіреді, қиын-қиын математика заңдарын құлағыңа құйып береді. Осы бір 45 минуттық сабақтағы іс-әрекеті: жүрісі, тұрысы, сөйлеген сөзі, жазған жазуы, ұқыптылығы тамаша тәрбиенің үлгісін көрсетіп тұрған жоқ па?! Біз де осындай Шиекең сияқты мұғалім болсақ, математикадан сабақ берсек, директор болсақ деп армандаушы едік. Сол ағайдың әсері болар, болмасаң да ұқсап

бақ дегендей, мен де институт бітірдім, математикадан сабақ бердім, директор да болдым, облыстық оқу бөлімінде де қызмет істедім. Бірақ дәл Шияп ағайдай іс тындырдым деп айту қиын. Ол кісі жақсы оқытушы ғана емес, асқан ұйымдастырушы еді ғой.

Шияп ағай шат-шадыман, қиын-қыстау заманда өмір сүрді, яғни жетімдікті де, соғысты да басынан кешті. Дегенмен өсу, өрлеу кезеңі, барлық күш-жігерінің, ұйымдастырушылық қабілетінің педагогика-лық шеберлігінің айқын ашылу кезеңі – соғыстан кейінгі, біздің мектептегі жылдары еді. Бұл жерде Шиекеннің еңсесі көтеріліп, еңбегі жанды. Алдымен мұғалімдер ұжымы толығып нығайды, білімді мұғалімдердің саны өсіп, одан соң оқушылар көбейді, олардың білім дәрежесі артты. 1950-1960 жылдары мектеп бітірушілердің көпшілігі жоғарғы оқу орындарына түсетін болды. Бұрынғы астанамыз Аматы қаласындағы жоғарғы оқу орындары біздің Ленин орта мектебінің білім беру сатысының өте жақсы екендігін сезініп, ерекше атай бастады. Сөйтіп, жоғарғы білімді мамандар көбейді, олардың көпшілігі педагогтар еді.

Соғыстан оралған ұстаздарды алда атап өттік. Кейін келіп, ұжымды толықтырған Шияп Садықовтың өзімен қатар қызметтес болған әріптестерін де атап өтуді жөн көріп отырмын. Үйткені, солардың көпшілігі оның алдында оқыған, немесе тәрбиесінде болған педагогтар. Олар қазақ

әдебиетінің майталманы Жылгелді Мұқанов, химия пәнінің мұғалімі Зура Оразалина, Қажен Базарбеков. Шиекеңнен кейін осы мектептің директоры болған Құрмаш Баязиев, Қайрөш Қоспанов, Шекен Қасымов, Қазақстан Республикасы-ның депутаты болған Нұрсұлу Құсаинова, лаборант және сызу пәнінің мұғалімі Ермұқан Сейдахметов, физика мен математика мұғалімі Ғазез Жахин, Дүйсе Әбілов, домбырашы, еңбек пәнінің шебер ұстазы Ғазез Әбілмажінов, бастауыш мұғалімдері Кейқуат Асылтаев, Бикен Нұртазина, тарихшылар Жұмаш Сейтпеков, Шаймұрат Қарабеков, Жасұлан Қадыров, тіл мамандары Темірғали Бектұров, Есмақан Қожақов, интернат тәрбиешісі Хамит Жетпісов т.б.

Осындай білімді азаматтармен толыққан ұжым 1955-1960 жылдарда одан әрі толыға түсті. Мектептің де, онымен қатар Шияп Садықовтың да, мұғалімдер ұжымының да аттары аудан, облыс, республика деңгейінде жақсы атала бастады.

Шиекең аса мәдениетті адам еді. «Жақсының жақсылығы маңайына дариды, жақсылықты ғибрат қыл», - деп Абай айтқандай Шияп ағайдың мәдениетінен жастар үлгі алды. Бұған бір жабайы ғана мысал келтіре кетейін.

- Қарағым, аузыңа қолыңды апара берме, - дейді Шияп ағай, көшеде шемішке шағып келе жатқан бір оқушыны көрсе. – Қолда да, шемішкеде де зиянды микробтар болады. Ол микробтар ішке

түссе ішкі шек-қарындардың ауруына шалдықтырады. Ал, шемішкенің қабығын онды-солды түкіріп шашу да дұрыстыққа жатпайды. Ол кәдімгі құтырған бураның аузынан бұрқырата шашқан көбігіндей көрінеді. Қазақ оны жынын шашып түр дейді. Бұл мәдениеттілік емес...

Сөйтіп, біз мектепте де, көшеде де шемішке шақпайтын болдық, темекі де шекпейміз, арақты ауызға алу түгілі иіскемейміз де. Үлкен кісінің алдын кесіп өтпеу, амандасқанда бас киімді алып, иіліп сәлемдесу ол кезде біздің күнделікті өдетімізге айналған іс болатын.

3 8704

Менің әкем аурулық себепті соғысқа барған жоқ. Ауылда бригадир, басқарманың орынбасары (алып кел, шауып кел) қызметтерін атқарды, кейін жанармай тасушы, күзетші болып әртүрлі жұмыстарды атқарды. Оның Шияп ағайды сыйлағандығы сонша, одан жасы үлкен болса да, әрқашан аттан түсіп амандасатын. Реті келгесін басымнан кешкен бір уақиғаны айта кетейін. Күз айы. Оқудың жаңа басталған кезі еді. Ол кезде бастауыш сыныпта оқимыз. Ақан деген парталас досым екеуміз ойнап жүр едік. Бір қыздар бізге тиісіп, еріндерін, мұрындарын қисайтып мазақ қылды. Бұл біздің намысымызды қорлағандық деп түсініп, қыздармен жанжалдасып, ақыры қол жұмсауға дейін бардық. Бұнымыз ағаттық екен. Қыз балаға қол жұмсауға болмайтындығын кейін түсіндік. «Қызымызды ұрыпты, екі жайрағыр, - деп

шешелері мұғалімдерге тиіседі. Не бітіріп отырсыңдар, тәрбиелерің қайда, неге бақыламайсыңдар?!» – деп мектепте ойран салады. Содан кейін, Ақан екеуміздің төбемізге қара бұлт түйілді. Сабақ үстінде отырғанымызда екі мұғалім екі құлақтан бұрай ұстап екеумізді жетектеп мұғалімдер бөлмесіне әкелді. Басқа мұғалімдер сабақ жүргізуде. Қолында шыпылдаған шыбығы бар бір мұғалім үн-түнсіз келді де екеумізді жонымыздан бір-бір осып өтті. Қан шықты ма, шықпады ма оны білмейміз, әйтеуір пышақпен тіліп өткендей болды, тұла-бойымыз селк етіп, шымыр ете қалды.

-Неге ұрасыңдар, қыз ұруды кім үйретті, сендерге!? – деп зекіді мұғалім. Керек десең мен көрсетейін ұруды – деп шыбығын екінші рет көтере бергенде, екеуміз бөлмеден атып шықтық. Дес бергенде бөлме ашық түр екен. Сол қашқаннан қалың ағаштың ішіне сүңгіп кетіп, бой тасаладық, жанымызды сақтап қалдық. Екі тәулік елге көрінбей күндіз ағаш ішінде болдық, үйге тамаққа, кешке жатар орынға ғана келіп жүрдік. Әке-шешеміз егіс басында – Станда тұрады. Тұрағымыз әжем үйі. Әжем үшінші күні қолымнан ұстап мені мектепке апармақшы болды.

-Енді сендерді ешкім ұрмайды, оларға мен көрсетейін таяқты, – деп, әжем қолындағы сүйенер таяғын жерге қатты-қатты түйіп қалды да мектепке жетектей жөнелді мені.

Мектеп есігі ашылысымен әжем: “Осы күні бала үру деген заң бар ма?– Бәрің де оқығансыңдар, айтыңдаршы, кәне!” – деп даусын көтере зекіді, бөлмеде отырған мұғалімдерге қарап.

–Шешей отырыңыз, ашуыңызды басыңыз, – деді Шияп ағай. Жүріңіз жеке, менің бөлмеме барып, онаша сөйлесейік, мән жайды түсіндірейін деп қолтығынан демеп, Шиекең әжемді өз кабинетіне апарды, отырғызды.

–Шешей, бізде де қателік болған шығар, – деп бастады сөзін мектеп директоры. Дегенмен, бұл балалардың өздерінде де бар. Қыз балаларға қол жұмсауға бола ма, айтыңызшы?

–Бала балалық қылды, – деді әжем. Ал үлкендер кішілерге қол жұмсауға бола ма? – деп әжем қарсы сұрақ қойды.

–Жоқ. Ұруға болмайды. Ондай заң жоқ. Бірақ, анау қыз балалардың әкесі жоқ. Соғыста қаза болды емес пе. Біздің мұғалім сонысын ескеріп, қызбалық жасаған екен. Сіздің баланың әкесі бар. Дегенмен қызбалық жасауға болмайды, қателігі үшін сол мұғалім жазасын алады. Ал, шешей үйге жүре беріңіз. Бала оқуын жалғастыра берсін, енді ешкім де оған тиіспейді. Кәдекеңнен (бұл жерде менің әкемді айтып отыр) кешірімді өзім сұраймын, – деді директор.

Күндердің күнінде Шияп ағай менің әкемді кездестіріп, амандық-саулықтан кейін:

–Кәдеке, мен сізден кешірім сұраймын, – дейді.

-Қайдағы кешірім?

-Сіздің балаңыз тәртіпсіздік жасап, соған бір мұғаліміміз ұрсып, қолын тигізіпті.

-Шияп, мен мұны сізден ғана естіп тұрмын, оған қысылмаңыз, кешірім де сұрамаңыз, – дейді әкем. Баланы мектепке, сіздерге оқытсын, тәрбиелесін деп бердік. Қазақтың баланы моллаға бергенде “еті сенікі, сүйегі менікі” дейді екен. Оның шетжағасын біз де көрдік. Ұл бала ғой, ештеңе етпейді...

Сөйтіп, біздің әкей мен Шияп ағай ұсақ нәрсе үшін ренжіспей, сыйлы қалыптарымен тату-тәтті өткізген екен өмірлерін. Шынын айтсақ, балаларға қол жұмсау деген бала бақшасында, балалар үйінде, мектепте, әскери бөлімдерде аратұра болатындығын естуші едік. Ал, біз оқыған мектепте ондай жағдай болған емес соғыстан кейін. Бұл да Шияп ағайдың жұмысының жетістігі деп білеміз.

Үстірт шешім де, жеңіл қызбалық та жасамай байыбына жүгіну Шиекенің болмысына біткен табиғи қасиет пе дерсің. Ол асқан педагог, адамның адами қасиетін байқағыш психолог. Алдағы айтылған мысалдан Шияп ағайдың баланың да, ата-ананың да, мұғалімдердің де тілін, көңілін тауып, кімге болса да шапағатын тигізіп тұрғанын байқау қиын емес.

Ұстаз білімділігімен мықты, жан-жақтылығымен жұртқа танылады, жүріс-тұрысымен, сөйлеу мәнерімен, бүкіл болмысымен шәкіртін сендіреді.



Шияп Садықов студент. Соңғы қатарда, солдан оңға қарай төртінші тұр. Омбы қаласы, 1937 ж.



Шияп Садықұлы мен
Мисалым Мәтішқызы
Майбалық орта
мектебінде. 1939 ж.



Шияптың әскерге алынған кезі.



Мисалымның бауырлары (солдан оңға қарай): Әрінтай,
Мырзатай, Сәулетай. 1964 ж.



Шияптың әскерден алғаш оралған кезі. Қасында Мисалым және Шәймерден. 18.12.1941 ж.



Жеңіс жақын. 3.05.1945 ж.

Шияп Садықовтың наградалары:



ОРДЕНДЕРІ



Жауынгерлік медальдары





Еңбектегі ерлігі үшін алған медальдар



ҚР еңбек сіңірген мұғалім белгісі



ҚР оқу ісінің озаты белгісі

ДИПЛОМ

В № 1000 00

Протокол № 2
 Ашым Сағидия
 в 1938 году в
 институте Оманова и Сағидия
 вступил в члены Коммунистической
 партии Советского Союза
 по предложению тов. Сағидия
 тов. Сағидия

Губернатор
 тов. Сағидия
 вступил в члены Коммунистической партии
 Советского Союза по предложению
 тов. Сағидия и тов. Сағидия
 тов. Сағидия



Министр
 Сағидия

1938 г. 10.10

Институт бітірген дипломы



Куәліктері



Құрмет грамотасы



Оқу министрлігінің құттықтау хаты.



Мектеп ұжымы. 1969 ж.




Жастармен кездесу. Соғыс ардагерлері Қабдол Сайдиев пен Шияп Садықов.



Ғазиза әженің немерелері: Мәкеш, Шәмшия, шөбересі
Ботагөз, күйеу баласы Ержанмен отыр.



Мәкештің жанұясы: жолдасы Ержан, балалары Ботагөз,
Бауыржан, Данияр. 1975 ж.



Солдан оңға қарай: Шияп, Есен, Сейілхан, Шаймерден. 1972 ж.



Мәкештің қызы Ботагөз, күйеу баласы Аман, немересі Меруерт.

Ол қатал болған жоқ, иі жұмсақ адам еді. Ақыл адам көрігі, ал сабыр, ақылдың серігі дегендей біреуге дауысын көтеріп, дөрекілік мінезін еш көрсеткен емес. Ал, өз қарамағындағыларға талап қою ол кісінің ежелгі ережесі. “Осылай жасауға бола ма екен” – деген сөзі бізге жетіп жататын, ол сөз ұрысып-зекуден де ауыр тиюші еді бізге.

Шиекеңнің шынайы мейірімі, жүрек жарды жылуы өзінің бойына біткен табиғи қасиеті. Осы қасиеттері шәкірт бойына әбден дарыса, одан артық абырой, бақыт болар ма екен. Қалың ағаштың қисығы болмайды дегендей, Шияп ағайдың алдынан өткен шәкірттер аз емес, олардың бәрі де ыстық, бәрі де қымбат еді Шияп ағай үшін. “Ұстазы пейілді болса, шәкірті зейінді” келеді деген сөз тегін айтылмаған шығар. Біз алдағы мысалда Шияп Садықұлының бірер қырларын ғана айттық. Бала тәрбиесі – ұлы өнер. Сол өнерді меңгеру кез-келген кісінің қолынан келе бермейді.

Шиекең жөнінде айтылмаған сыры мен қыры әлі де жеткілікті. Бір жылы түнде бұзақылар үйін өртеді. Жанып жатқанын көзімізбен көрдік. Ағаш үй болатын. От салғандар да табылды. Үй де салынып, орынына түсті. “Жамандыққа жақсылық ер адамның ісі” деген Ілияс Омаровтың сөзі бар. Үй өртенгенмен Шиекеңнің сағы сынған жоқ, қайта оның беделі бұрынғыдан да арта түсті.

Кейбір басшылар өз жемсауын үкімет қаржысымен толтыруды ойлайды. Ал, Шияп ағай

біреудің ала жібін аттамаған, адал, өз еңбегімен күнкөрген адам.

Шияп Садықов өмірден не алды? Лауазымы, дәрежесі-мектеп директорлығы. Бұл үлкен қызмет емес. Мүмкін өзі де үлкен қызметке талпынбаған да шығар. Бір жылдары аудандық партия комитетінде қызмет істеп, одан ат тонын ала қашты, өзінің сүйікті жұмысына-мектебіне қайта оралды. Оның үкіметтен алған наградалары баршылық. Ұлы Отан соғысындағы ерлігі үшін “Отан соғысының I-II дәрежелі” ордендері және “Қызыл жұлдыз” орденімен және көптеген медальдармен марапатталды. Одан кейін көп жылғы педагогикалық еңбегі үшін Қазақстан Республикасының оқу ісінің озаты белгісі мен Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мұғалім атағы беріледі. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің мақтау грамотасымен марапатталады. Бірнеше рет Республикалық мұғалімдер съезіне қатысады. Жергілікті жерде бірнеше дүркін депутат болып сайланады.

Садықов Шияп Садықұлы 1992 жылдың 16 маусым күні өмірден өтті. Бұл күн оның туған күні болатын. Ыбыраев ауылында 47 жыл тұрды, осы елдің топырағында Шиекең өзінің жұбайы Мисалыммен, ағасы Шаймерденмен, қайын енесімен бір зиратта қатар жатыр.

Ерлі зайыпты ұлағатты ұстаздарды алғаш Омбыда кездестіріп, тәңірі оларды Майбалықта

тоғыстырған. Тағдырлары ұқсас адамдардың жарқын, қызықты, саналы өмірлері бүгінгі Ыбыраев аулында өтті. Шияп ағай жөнінде біраз сыр аштық. Ол азды-көпті өмір сүрді, 79 жасқа келіп дүние салды. Ал, Мисалым апайдың ғұмыры қысқа болды, небары 46-ақ жас. Сол қысқа өмірінде ол көп іс тындырып кетті. Артына ұрпақ қалдырды, от басының ұйтқысы болды. Ол өзінің ұстамдылығымен, мәдениетімен, иманжүзділігімен, білімділігімен елде мәңгі есте қалары сөзсіз.

Шаймерден ағайдың тағдыры не болды?, - деген сұрақ туары сөзсіз. Шаймерден мұғалімдер курсы бітіргеннен кейін қоғамдық жұмыстарға белсене араласады: сауатсыздықты жою, ересектерді оқыту, латын әрпін еңгізу науқандарына қатысады. Ұжымдастыру мен астық дайындау сияқты күрделі мәселелерге де кіріседі. Соғыс жылдары алдында, казпедтехникумды бітіргеннен кейін, мұғалімдік жұмысқа ауысады. Ұлы Отан соғысына қатысады, орден, медальдармен марапатталады. Алматыдағы партия мектебін бітіреді. Содан кейін партия, кеңес қызметтерін атқарған.

Шаймерден мен Шияптың жастай жетім қалғанын алда айттық. Бірге туған жетім балалардың тағдыры үнемі тоғыса бермейді. Кейде мүлде кездеспей кетулері де мүмкін еді ғой. Бірақ бұл екеуі сирек болса да кездесіп жүрген, соңғы 30 жылда бір жерде тұрған. Алғашқы кездердегі

сағыныштары, кездеспей жүрген кездері де болса керек. Сондағы Шаймерден ағайдың Шияп інісіне шығарған мына өлең жолдарын оның қойын дәптерінен алдық, өлең жолдарын өзгертпей, сол қалпында беріп отырмыз.

ІНІМЕ

Ұйықтасам түсімнен,
Оянсам есімнен,
Елестеп көзімнен,
Кетпейсің жаным сен.

Сағынып, сарғайып,
Мен жүрмін мұңайып,
Бір көрген түстей боп,
Сен кеттің боп ғайып.

Дауысың өмірде,
Есімнен кетер ме.
Жүрегім өрекіп,
Өлгенше бітер ме.

Сұңқарым тұғырдан,
Ұшырдым қолымнан.
Күн батып, түн болып,
Адастым жолымнан.